

**ҚАЙ ХАЛЫҚ ТАҒДЫРЫНДА ДА ТІЛДІҢ РӨЛІ МЕН ОРНЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗДЫ ЕКЕНДІГІ ТУРАЛЫ ТАЛМАЙ ӘҢГІМЕЛЕУГЕ БОЛАДЫ. МЕН БҰЛ АРАДА ҚАРАПАЙЫМ САЛЫСТЫРУМЕН ШЕКТЕЛГІМ КЕЛЕДІ. АЙТАЛЫҚ, ҚАНАТСЫЗ ҚҰС ҰША АЛА МА? ҚАНАТЫ БАРДА ҒАНА ҚҰС ӘУЕЛЕЙДІ, ӨЗІНДІК ҒҰМЫР КЕШЕДІ. ЕРКІНДІГІ АРҚЫЛЫ ӨЗІН ТАНЫТАДЫ, ӨЗЕГІН ЖАЛҒАЙДЫ. ТІЛ ДЕ ТУРА ОСЫНДАЙ ДӘРЕЖЕДЕ. ТІЛІ БАР ХАЛЫҚТЫҢ ҒҰМЫРЫ БАР, ТІЛ ӨЛГЕН КҮНІ ӨЗІ ДЕ ӨЛЕДІ. «ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ» ДЕП ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ БЕКЕР АЙТПАСА КЕРЕК.**

**МӘСЕЛЕН, МЕН ҒОЙ ӨЗІМНІҢ ТУҒАН ХАЛҚЫМНЫҢ ТІЛІ – ШЕШЕННІҢ ТІЛІН, МӘДЕНИЕТІН, ӘДЕТ-ҒҰРПЫН, ӨТКЕН ТАРИХЫН ЖАҚСЫ БІЛЕМІН. ТІПТІ ТҮННІҢ ОРТАСЫНДА ОЯТЫП АЛСАҢЫЗ ДА ЖАҢЫЛМАСТАН ОН БІР АТАМДЫ АТАП ШЫҒА АЛАМЫН. БАЛАЛАРЫМ ДА СОЛАЙ. БҰЛ ҮШІН БӘРІНЕН БҰРЫН АТА-АНАМА, ТУҒАН-ТУЫСТАРЫМА РИЗАШЫЛЫҒЫМДЫ БІЛДІРЕМІН. БІЗДІҢ ҮЛКЕН БӘЙТЕРЕКТЕЙ ОТБАСЫМЫЗДА АТА ЖОЛЫНА, РУХАНИ БАЙЛЫҒЫНА ЕЖЕЛДЕН ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТ ҚАЛЫПТАСҚАН.**



# Патриоттық дегеніміз – жанымен жақсы көру

## ТІЛСІЗ ХАЛЫҚ ҚАНАТСЫЗ ҚҰСПЕН ТЕҢ

Қазақ тілін де тәуір білемін. Кей мезгілдерде сенің тілді білетіндігің ауылда, қазақтардың ортасында ержеттің, солай болуы керек қой, деген сықылды әңгімелерді естисің. Мұндай тұжырыммен келісе де бермеймін. Білімде, әсіресе тілді меңгеруде кездейсоқтың немесе жағдайлардың тоғысы бола бермейді. Бұл арада бар мәселе сенің өскен ортаңа, алған тәрбиеңе, ең бастысы жеке басыңның таным-түйсігіне байланысты. Әкем Саламу мен анам Халипат шешен ұлтынан бола тұрса да қазақтың барлық дәстүр-салтын тура өздерінікіндей қабылдады. Өздері де өте қарапайым еді, үйлерінен қонақ, дастарқандарынан дәм арылмаған. Көрші-қолаң, жалпы ауылдастарының бәрімен тіл табыса білген, біркелкі байланыс орнатқан. Бізді де осы арнада тәрбиеледі. Сондықтан да шығар, ауылдастарымыз өз ана тілімізде, қазақ және орыс тілінде жетік сөйлеген біздерді жатырқамады, жақын тартты, бауырлас болды. Соның айғағы емес пе, әкем бұл ғұмырмен қоштасқаннан кейін тұрғындар ауылдағы ең үлкен көшеге оның есімін берді. Бұдан асқан құрмет болар ма?!

Ана сүтімен келген тәрбие арқылы қазақ тілін білдім, бұл менің жүрек қалауым да болды. Мен туып, ержеткен Талдықорған қаласының маңында орналасқан Октябрь ауылында тек қазақтардың ортасы қалыптасты деуге болмас еді. Керісінше, ол жерде орыстар, украиндар, корейлер мен немістер, поляктар және тағы басқалар көп өмір сүрді. Ал кейін Армия қатарында жүргенде, институтта оқығанда қазақи орта тіптен болмады ғой. Солай бола тұрса да, қазақ тілін бір адамдай білемін, оны меңгеруге жасымнан ұмтылдым, мұның басты себебі, бұл менің ішкі қажеттілігім, менің міндетім. Қатар өмір сүріп жатқан халықтың, кезінде Қазақстанға күшпен ата-аналарымыз жер аударылған ауыртпалықты жылдарда соңғы үзім нанын бөлісіп, үйінен орын берген халықтың тілін білмеу – менің тарапымнан адамгершілікке жатпас еді. Шешеннің тамаша ақыны Умар Ярычев өлеңдерінің бірінде:

*Жерлесім қазақ,*
*бәрімізге бауыр бәрі,*
*Шексіз даланың еркін бір*
*ұландары.*
*Бірге көрдік, ауыртпалық*
*сынақтарын,*
*Жады берік, тағдыры бір –*
*тұмарлары, –*

деп айшықталған. Міне, сол себепті де, кешегі қатар кешкен тарихымызды естен шығармау, қазақтардың шешен халқының тағдырындағы рөлін ұмытпау, балалар мен немерелерімізді осынау қасиетті жерге деген терең сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу – біздің міндетіміз.

## ШЕКСІЗ ДАЛАНЫҢ ЕРКІН ҰЛАНДАРЫ

Сталин мен оның айналасындағылардың ұлттық республикаларға қарсы ашық түрде агрессиялық саясат жүргізгендігі баршаға мәлім. Қуғын-сүргіннің зұлмат машинасы доңғалағына тапталғандардың қатарында қазақ халқы да болды. Жалған да ойдан құралған айыптаулар бойынша жүздеген, мыңдаған озық ойлы азаматтар тұтқындалып, атылды. Бұлардың арасында ұлттың қаймағы, қазақтың үздік перзенттері – Тұрар Рысқұлов, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және тағы басқалары бар еді.

Ал енді қылмыскер Голщекин мен оның жандайшаптарының ел ішінде «кіші Октябрь» деп аталып кеткен зобалаңы қазақтарды тіптен тұқыртты. Осының салдарынан өткен ғасырдың отызыншы жылдарының басында сайын даланы аштықтың жезтырнағы түйіреді. Миллиондаған жазықсыз жандар бұл дүниемен қоштасты. Бұл геноцидтің ашық түрі еді. Осы қылмыс үшін ешкім күні бүгінге дейін бұл халықтың алдында кешірім сұрамауы, басын имеуі өкінішті-ақ...

Осы арада мен белгілі шешен политолог-ғалымы, гуманисі, жазушы және қоғамдық қайраткері Абдурахман Авторхановтың тұжырым-пікіріне ден қойсам деймін. Ол өз өмірін сталиндік зорлық-зомбылыққа қарсы күреске арнаған еді. 1994 жылы ол Мюнхенде қазақ диаспорасы өкілдерімен кездескен кезде әңгіме қуғын-сүргін тақырыбына ойысқанда былай деген: «Бұл сіздерге таңғаларлық жайт болуы мүмкін, қазақ халқының бір бөлігі де депортацияға ұшыраған. Ойымды таратып берейін. Қандықол Сталин Қазақстанда өз қылмысын сондағы дойыр өкілдері арқылы жүзеге асырды. Солардың бірі – тіс дәрігері бола білмеген Голощекин болатын. Тірі қалдырмау ұстанымы жолында адам нанғысыз оқиғалар бел алды. Не деген келеңсіздік десеңізші! Қазақтардың ғасырлар бойғы өмір сүру дағдысы бұзылды. Жалпы шаруашылықты, мұның ішінде мал шаруашылығын жүргізудің далалықтарға тән емес дөрекі формалары мен әдістері күштеп енгізілді. Ұлттық менталитет, мәдениет, дәстүр-салт аяққа басылды. Бұған қоса қуғын-сүргін бел алды, интеллигенция мен қоғам қайраткерлердің, талантты мамандардың көрнектілері жойылды. Осыдан барды да отызыншы жылдардың бірінші жартысында аждаһадай жаланған аштық жайлады. Жасырын, китұрқы депортацияның құрбандары деген осы емес пе. Сол себепті де, мен қазақтарды да депортацияға ұшыраған солтүстік кавказдықтар қатарына қоямын».

Бұдан ары Абдурахман Авторханов қазақтар жөніндегі пікірін төмендегіше жалғастырады: «Қазіргі қазақтардың шетсіз де шексіз даланың иесі болған кешегі жауынгер көшпенділердің ұрпағы екендігі баршаға аян. Олар еркіндікті сүйген, кеудесін ешкімге бастырмайтын өр боп келеді. Біздерге, кавказдықтарға қарағанда олар барынша ұстамды және төзімді келеді. Бірақ оның да шегі, межесі бар. Шынайы қауіп төніп, елдігіне нұқсан келер тұста олар жасындай жайнап, намыс отын ойнатады, елі мен жері үшін өліспей беріспейді. Мұны арғы-бергі тарихында сан мәрте дәлелдеді де. Қанқұмар сыртқы жаулардың бетін қайтарып, ойсырата қуды, өз опанында ойрандады. Бұл ретте жоңғарлармен арадағы шайқасты айтсақ та жеткілікті. Халқының саны аз болғандығына қарамастан қазақтар кең даласына ешкімнің аяғын бастырмады, өз мемлекеттігін берік сақтап қалды».

Айтулы ғалым кейінгі тарих туралы сөз қозғай келе: «Тіпті КСРО құламағанда да (Алланың рақымымен қантөгіссіз бейбіт келгендігі оңды болды) қазақ халқы ерте ме, кеш пе кеңестік-коммунистік биліктің шеңгелінен қажет болса қарудың күшімен де азаттық алар еді. 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі мұның хабаршысы болатын».

Шын мәнінде, дәл сол биліктің мұрты да қисаймай тұрған шақта қуатты коммунистік тоталитарлық билікке қарсы бас көтеру күрделі еді. Алайда қазақ жастары осынау көзсіз батырлыққа барды, болашақ үшін батыл қадам жасады. Мінеки, бұл халықтың еркіндік пен тәуелсіздікке деген бұла күш, бұқпантайсыз ерлігінің оянуы болатын.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ КӨТЕРУ – ҚАЗАҚТЫҢ ҒАНА ШАРУАСЫ ЕМЕС

Жыры да, сыры да бітпес тіл туралы тақырыпқа қайта оралар тұста сол Абдурахман Авторхановтың тағы бір пікіріне құлақ ассақ дейміз. Ол өзінің «Кремль империясы. Колониализмнің кеңестік типі» деген еңбегінде былай дейді: «Қандай да бір кіші немесе үлкен халықта барлық асқақ сезім мен мұраттардың мәңгілігі, құндылығы мен ғажайыптығы бар екендігін мойындар болсақ, ол ең алдымен қайталанбас ұлттық санасезім. Егер де халық өзінің ғажайыптығының басты белгісі – ұлттық тілінен айырылса құрдымға кеткені».

**...біздің бәрімізге, әсіресе өзге халықтардың өкілдеріне мемлекеттік тіл проблемасы тек қазақтардың ғана шаруасы емес, біздің бәріміздің проблемамыз, ортақ дертіміз екендігін ұғынатын уақыт жетті деп білемін. Сырттай бақылаушы, іс қалай ауады екен, деп әліптің артын бағушылықтан арылатын кезіміз әбден келді. Бәріміз де Қазақстан Республикасының азаматымыз, ендеше тілді білу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, қазаққа тән дүниелердің бәрін түйсіну, қабылдау, осы қасиетті жерді сүю – біздің міндетіміз.**

Қазақтар кеңестік билік жылдарында өзгелер секілді рухани-этникалық геноцидке ұшырады. Осыдан барып әлгі айтылған ғажайып-тығының басты белгісі – тілінен айырылып қалу қаупі туды. Туған тілінде сөйлеу, дәстүр-салтынды сақтаудың өзіне тыйым салынған уақыт та ұшырасты ғой. Бәрі есімізде. Бірте-бірте көп ғасырлық рухани байлық өзінің мәнін жоғалта бастады. Тіпті адамды өзінің дінінде, мұсылмандық жолымен жерлеудің өзі сынға алынды. Бір сөзбен айтқанда, біздің бәрімізден тегі де, болмысы да жоқ, ойдан шығарылған кеңестік қоғам орнату ісі мақсатты түрде жүргізілді.

Енді қазір өткенді байыпты түрде саралай отырып егер де «мызғымас Одақ» өзінен-өзі құламағанда не болар еді, деген сауалға ден қоясыз. Сонда тұтас бір ұлт этнос ретінде жоғалып кетуі керек пе еді. Бұлай болуы мүмкін емес деп кесіп айтамын. Қауіптің қара бұлты үйірілген тұста қазақ халқы тарихта сан рет қайталанғандай «Аттан!» деп ұран тастап атқа мінер еді. Азаттық жолында арын да, барын да аянбас еді, тарих мүмкін тағы да Аңырақай оқиғасымен қауышар еді. «Мың өліп, мың тірілген қазақ» деп бекерге айтылмаса керек. Қазақтың байырғы бабалары көне Мысырдан Қытайға дейін ерлік жолын салды. Батырлықтың жарқын беттерін тасқа қашап жазды. Бұл – ақиқат, одан аттап кете алмайсыз.

Мемлекеттік тілдің қазіргі жағдайы туралы сөз қозғасақ, бұл іс Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері жаңғырып тұр. Бірте-бірте дамып, өмірден өз орнын тауып келе жатқандығын айтуға тиіспіз. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдардағы жағдайымен, әрине, салыстыра алмайсыз. Ұлттың сана-сезімі өсуімен бірге мемлекеттік тілдің рөлі де, оның қоғамның барлық салаларындағы қажеттігі де артып келеді. Ең бастысы – тілдік жіктелуге жол бермедік. Қалғанының бәрі өз қолымызда.

Бұған дейін осы орайда әрісәрі болып жүргендерге өмірдегі шынайы жағдайды қайта ой елегінен өткізіп, оңды баға беруге мүмкіндік туды. Енді қанша мемлекеттік тіл болуы керек, қайсысы негізгі, қайсысы екінші мәндісі, қай тілде тіл табысамызға қатысты пікір-таластары мен көпірме сөздердің кезеңі артта қалғандығын ұғынуымыз шарт. Конституцияда: «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп анық та ұғынықты жазылған. Бәрі де осыдан бастау алуы шарт. Қоғамдық қайраткер Досым Көшіммен пікірталасты соза беруге болады, бірақ мен оның Қазақстанда қалып, өмір сүруді ұйғарған екенсің, қазақ тілін оқып біл, халықтың дәстүр-салтын, мәдениетін құрметте деген тұжырымына толайым қосыламын.

Жалпы алғанда, біздің бәрімізге, әсіресе өзге халықтардың өкілдеріне мемлекеттік тіл проблемасы тек қазақтардың ғана шаруасы емес, біздің бәріміздің проблемамыз, ортақ дертіміз екендігін ұғынатын уақыт жетті деп білемін. Сырттай бақылаушы, іс қалай ауады екен, деп әліптің артын бағушылықтан арылатын кезіміз әбден келді. Бәріміз де Қазақстан Республикасының азаматымыз, ендеше, тілді білу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, қазаққа тән дүниелердің бәрін түйсіну, қабылдау, осы қасиетті жерді сүю – біздің міндетіміз. Балаларымызды да осы ауанда тәрбиелеп, туған Отанының лайықты азаматтары болып өсуіне ықпал етуіміз керек. Ал енді күні бүгінге дейін Қазақстанды өзінің екінші Отаны деп санауда күмәнкүдігінен арыла алмай жүргендер болса, олардың бір жағалауға шыққаны жөн деп білемін.

Мемлекеттік тіл өзінің статусына сәйкес өзге тілдерден бәсекесіз жоғары тұруы шарт. Бұл үшін, меніңше, Конституция нормасын қайта қарау қажет секілді. Онда «Мемлекеттік органдар мен өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен бірдей орыс тілі қолданылады» деген тұжырым көрініс табуы керек секілді. Біздің елімізде ресми және жалпы тіл қатысу тілі тек бір тіл – мемлекеттік тіл болуы тиіс. Ұлы орыс тілі тәуелсіз Қазақстан жағдайында француз, жапон немесе ағылшын тілі секілді шет тілі болып табылады. Түрлі ұлттардың өкілдеріне өз ана тілінде сөйлеуге шектеу қойылып отырған жоқ. Міне, осы негізге сай тілдік саясат жүргізу керек.

**Мемлекеттік тіл өзінің статусына сәйкес өзге тілдерден бәсекесіз жоғары тұруы шарт. Бұл үшін, меніңше, Конституция нормасын қайта қарау қажет секілді. Онда «Мемлекеттік органдар мен өзін-өзі бақару органдарында қазақ тілімен бірдей орыс тілі қолданылады» деген тұжырым көрініс табуы керек секілді. Біздің елімізде ресми және жалпы тіл қатысу тілі тек бір тіл – мемлекеттік тіл болуы тиіс.**

Екіншіден, тек қазақ тілінде білім беретін мемлекеттік мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін көптеп тұрғызу керек. Ал енді жалпы білім беретін мектептерге қатысты айтар болсақ, оларды бірте-бірте орыс және ағылшын тілдерін жанжақты оқытатын мемлекеттік тіл жүйесіне көшіру шарт. Әрине, бұл іргелі істердің бәрін өз балаларын орыс тілінде оқытсам дейтін азаматтардың құқықтарына нұқсан келтірмей жүргізу керек. Міне, осындай шаруа мемлекеттік тілді меңгеру проблемасын шешуге өзіндік ықпалын тигізбек.

Үшіншіден, айтайын дегенім, ақпараттық стратегияға өзгеріс енгізген жөн, орыс тілді газеттерді мемлекеттік тіл мәселесін тұрақты көтеруге бағыттаған абзал. Мемлекеттік тапсырыс арқылы қаржы бөліп, насихаттауға жол ашылса нұр үстіне нұр. Ал бізде қазіргі таңдағы жағдай мәз емес, қазақ баспасөзі тілдің жай-күйін айтуындай айтады, жазуындай жазады. Ал өзге тілдегі басылымдар бұдан тыс қалып отыр. Осы арада ең алдымен тұрғындардың орыс тілді бөлігін үгіттеу қажет екендігін айта кеткім келеді. Тілді білетіндерден гөрі оған жете мән бермей отырғандарға орнықты түрде түсіндіре білсек, ұтқанымыз емес пе.

Меніңше, ұлттық мәдениет орталықтарының бүгінгі көзқарасы да аса оңды емес. Көптеген жылдан бері олар тек өздерінің этникалық проблемаларымен шұғылданып келеді. Мемлекет тарапынан қолдау да жетерлік. Мұның бәрі құптарлық дүние. Солай бола тұрса да, оларға қатысты саясатты өзгертіп, қызметтеріне өзгеріс енгізу шарт. Өздерінің рухани құндылықтарымен қатар қазақ халқының да бай рухани құндылықтарын насихаттап, дамытуы керек. Жастардың бойына қазақ халқының бар байлығына ерекше құрметпен қарау көзқарасын сіңдіру қажет. Тек этникалық болмысбейнеде қалып қалу шеңберінен шығатын уақыт жетті деп білемін.

Қайсыбір топтар азаматтардың ұлттық сезіміне кері әсерін тигізер киімдерге әуес. Қайсыбірі сол орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл статусын беруге шақырады. Тіпті мешіт ашқанда да ұлттық белгілеріне қарап жатады. Біз осылайша адамдарды жасанды түрде бір-бірінен алшақтатып, сенімсіздік пен күдік ұялатамыз. Бәрімізің мемлекетіміз бір, халқымыз бір, қоғам да ортақ. Ешкімді бөлежарудың қажеттігі жоқ. Сол себепті де, этникалық бірлестіктер өздерінің бар қызметінде қазақ халқының мүддесін тұрақты есепке алып, ел мүддесін көздеуі, бірлік пен ұлтаралық келісімді нығайтуға нұқсан келтіретін жайттарға жол бермеуі қажет.

## БІРІКТІРІП, ҰЙЫСТЫРАР ҚУАТТЫ КҮШ

Иә, қазақ тілі – ғажайып тіл. Байлығы, әуездігі мен әдемілігі жағынан оған тең келер тіл шамалы. Домбыраның қоңыр үніне қосылып жүрегіңді баурар қазақ әніне не жетсін?! Мінеки, осындай әннің тілі, қабырғалы елдің ұлы тілі бүгінгі таңда қоғамдағы қуатты біріктіруші, ұйыстырушы фактор міндетін жауапкершілігіне алып отыр. Ұлтына қарамастан, барлық қазақстандықтар тек қазақ тілінде сөйлеп жатсақ, ұтарымыз көп, одан әрі туысамыз, одан әрі түсінісіп, жақындасамыз. Адамдарды табыстырып, қоғамды біріктіру үшін барлық ұлттардың өкілдері өзара қарым-қатынастың үндестігінде қазақы ортаға бейімделіп, барлық қазақи құндылықтарды меңгеріп, халық пен жерді қастерлеуге ұмтылуы керек. Бұл этнос ретінде сұйылып, жоғалып кету деген ұғым емес. Керісінше, өзіңнің бар дүниеңді сақтап, дамыта отырып, қазақ халқының да рухани құндылықтарының жоқтаушысы боласың.

Мәселен, мен қызмет бабымен қазақтар ортасында ресми шараларда, мерейтой, салтанаттарда, кездесулер мен жиындарда жиі боламын. Ешкім менің ұлтымды еске алып жатқан жоқ. Тіл табысуда кедергі кездеспейді. Неге дейсіз ғой? Себебі, мен бәріне ортақ мемлекеттік тілде сөйлеймін, мүддеміз де бірдей. Демек, бәріміз туысып кеткенбіз. Мен қазақ бауырларыммен бір деңгейде тұрмын. Тіпті қайсыбіріне қарағанда тілді де, дәстүр-салтты да жақсы білетін шығармын. Бұл оңды құбылыс. Солай бола тұрса да, мен өзімнің кім екендігімді, түптамырымды, ата-бабамды, олардың салт-дәстүрін жадымнан бір сәтке де шығармаймын.

Осының бәрін тиісті табиғи жағдайда қабылдау үшін, әрине, патриот болуың керек. Бұл тұрғысында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: "ұлттың бәсекеге қабілетті болуының маңызды шарты – әлемдік бәсекелестік үрдісте табысқа жетуге мүмкіндік тудыратын күшті рух пен білім. Ал бұл реттегі ең маңыздысы – қазақстандық патриотизм, сүйікті Отанымызға, жерге деген шексіз махаббат. Отанының патриоты болу деген – Қазақстанды өз жүрегінде алып жүру" деп атап өтті. Бұдан артық енді қалай айтуға болады.

Менің көзқарасымша, біз біреудің айтуы немесе қандай да бір идеологиялық нұсқау немесе үгіттің күшімен емес, саналы түрде жүрек қалауымен патриот болуымыз керек. Нағыз патриот: «Мен осы жерде туып-өстім, бұл менің қаным мен жаным. Менің бір бөлшегім, олсыз маған өмірдің мәні жоқ. Мен мынау қасиетті жерді және осында тұрып жатқан адамдарды шексіз сүйемін. Бұл жердің қасіреті – менің қасіретім. Бұл жерде бәрі жақсы болса, менің де жүрегім тыныш, көңілім көкте. Менің жерге, Отанға, халыққа деген сүйіспеншілігім соншалықты зор, қажет болған жағдайда өзімді құрбандыққа шалуға да дайынбын», – деп ой-тұжырым жасауы шарт. Адамның бойына мұндай сүйіспеншілік қасиетін 20 немесе 30 жаста емес, алтын бесікте ананың сүтімен дарыту керек.

Мен де осында тудым, барлық ғұмырымды осы жерде өткізіп келемін. Егер де мен қазақ тілін біліп, дәстүр-салтты, мәдениетті меңгерсем, тәуір бата бере алсам, бұл менің жай қызығушылығым емес, осы жердің шынайы патриоты екендігім. Егер де менің балаларым қазақ мектебінде оқып, осы тілде ән салса, домбырада ойнаса, бұл да өзге бір себеп-салдар емес, өйткені мен Қазақстанның патриотымын. Егер де мен еліміздің басындағы қиын кезеңде мүмкіндік болса да басқа жаққа кетіп қалмасам, бұл да көп нәрсені аңғартса керек.

**Маған қандай да бір диаспораның өкілі деген сөз ұнамайды. Мен сырттан келген бөтен емеспін ғой. Жалпы, менің ойымша, уақыт өте келе біздің лексиконымыздан «диаспора», «этнос», "кавказдық" немесе "азиаттық" ұлт адамы" деген түсініктер жоғалады деп есептеймін. Біз бір қоғам, бір халықпыз. Отанымыз біреу – Қазақстан. Бөлетін ешнәрсе жоқ. Және бізді бөлуге де жол бермейміз.**

**А. ИДИГОВ,**
**Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі.**

● ИМАНДЫЛЫҚ

# Жақсылық жасауға асығыңыз

**Әр адам баласы кішіпейілкешірімді болуы керек. Пайғамбарымыз салалаһу әлейһу әссаламның хадистерінде де кешірімді бол деп көп айтылған. Себебі, әр мұсылман баласы бір іске немесе біреудің сөзіне ренжитін болса, онда ол барлығына сабырлылықпен қарап, кешірімді болуы міндетті.**

Міне, көп ұзамай барша мұсылмандардың ең үлкен мерекесі – қасиетті Рамазан айы келеді. Бұл Алланың адамдарға жіберген мүмкіншілігі, ұлы ай. Қазіргі таңда Алла жолында жүрген ағайындар осы Рамазан айына дайындалып, қам жасап жатыр. Осы қасиетті айда барша мұсылман баласы ораза ұстап, Аллаға құлшылық етеді. Бұл негізгі бес парыздың бірі. Бірақ Аллаға мінажат ету тек осы аймен шектеліп қалмауы керек. Он сегіз мың ғаламның құзыры мен қасиетін таныған әрбір адам имандылықты әруақытта жадынан тастамағаны абзал. Осыған орай бір мысал келтіре кетейік.

Бұрында анасы мен баласы ренжісіп қалыпты, сонда анасының ренжігені соншалық, баласымен мүлде сөйлеспей қойыпты. Баласы қатты ауырып, өлейін деп жатыр екен. Жанының қиналғаны ерекше, аузына бір сөз келмей тілі күрмеліпті. Сөйтіп, ауылдың үлкен адамы жаңағы баладан сұрайын десе, ол ешнәрсе айта алмайды. Қарт адам баланың анасына барып не болғанын сұрап, қазір баласының қиналып жатқанын баян етеді. Сонда анасы көзіне жас алып, баласын кешіреді. Баласының жаны тынышталып, тілін калимаға келтіріп қайтыс болған екен. Сондықтан бір адамды ренжітетін болсаң, міндетті түрде кешірім сұра. Кешірім сұрағаннан кішірейіп кетпейсің, керісінше сауап аласың. Қазіргі таңда иманға бет бұрып жатқан адамдардың қатары көбеюде. Жастарымыз намазға жығылуда, міне бұл да біз үшін үлкен бір сабақ. Қазіргі таңда шаруашылықта немесе өнеркәсіп саласында үлкен дәрежеге қол жеткізген азаматтар елді мекендерде өз қаражаттарымен мешіт салдырып жатыр. Кейбір кеудесіне Алланың нұры түспеген пенделер «Сол мешітке кім барар дейсің? Ақшаны бекер шашқанша, дәулетке дәулет қосатын дүкен ашпай ма?», – деп күмәнді пікірлер айтқан болатын. Бірақ бүгінгі күннің жастары өзін ақылдымын деп мардымсыған пенделерден биік болды. Мысалға, өзім туып-өскен Шеңгелді ауылының мешітіне жұма намазға ұзын қарасы жиырма-отыз ғана адам баратын. Қазір жүз адам еркін енетін Алланың үйіне адам сыймай кетеді. Мінажат етушілердің тоқсан пайызы мектеп оқушылары, ауыл жастары, студенттер. Бұл – өте қуанышты жағдай. Әсіресе еліміздің болашағы жастардың имандылыққа бет бұрғаны керемет емес пе! Өйткені, жандары қағаздай таза, өмірдің табалдырығын жаңа аттаған жас буынның әрбір істі Алланың атымен бастағаны болашақта абзал азамат болатындығына ешбір күмән келтірмейді. Он сегіз мың ғаламның иесі өзіне сенім артқан әрбір пенденің, оның ішінде жастардың тілегін бірінші қабыл етеді. Біз тек қана Алла тағаладан жасаған барлық күнәкемшіліктерімізді кешіруге, дұға-тілектерімізді қабыл етуге сәждеге жығылмаймыз, сонымен қатар бастаған жолымызды оңдап, адастырмай, әрқашан тегеурінді тірек болатынына кәміл сенеміз. Алла тағаланың өзі кешірімді, мейірімді және барлығын соған шақырады. Сондықтан да әрбір тілек етуші адам өзі үшін ғана емес, сонымен қатар барлық адамзат қауымына Алладан жақсылық тілегені дұрыс. Бұл бес күндік жалғанда бір-бірімізді сыйлап, кешірімді болайық, ағайын!

**Ажар ҚОЖАМҚҰЛОВА,**
**ҚазҰПУ-дың журналистика факультетінің 4-курс студенті.**


# Шамалған медресесі

**2009-2010 жаңа оқу жылына үміткерлер қабылдайды.**

Шамалған медресесі Имам хатиб мамандығы бойынша 2009-2010 жаңа оқу жылына үстіміздегі жылдың 15-шілдесінен бастап 15 тамызға дейін шәкірттердің құжаттарын қабылдайды. Медреседе жағдай жасалған, компьютер класымен жабдықталған, жатақханасы бар. Оқу бағдарламасына діни пәндермен қатар дүниауи сабақтар да енгізілген.

Оқу орны ҚР Әділет министрлігінде тіркеліп, ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан лицензия алған.

Оқу мерзімі 2 жыл 10 ай.

Шәкірттер 2009 жылғы 19 тамызда емтихан арқылы сынақтан өтеді.

– үміткерлердің жасы 17-25 аралығында болуы;
– 11-сыныпты бітіргені туралы аттестаты;
– мешіт жанындағы дайындық курсынан өтуі міндетті.

**Қажетті құжаттар:**

– директор атына жазылған өтініш;
– облыс яки қала немесе аудан имамдарының ұсынысы;
– өмірбаян;
– Орта білімі туралы аттестаты (түпнұсқасы);
– 086 үлгідегі дәрігерлік анықтама;
– Көлемі 4*5 (6 дана сурет);
– әскери билеті немесе әскерге шақырылу куәлігі;
– құжаттарды тігуге арналған іс парағы.

**Медресенің мекенжайы:**
**Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шамалған ауылы, Жібек жолы көшесінің бойындағы №164 үйде, облыстық «Қарасай батыр» мешітінің жанында орналасқан.**
**Байланыс телефондары: 8/72771/56012.**